	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Химия кафедрасы	Пікір
		Редакциясы: 1 2 беттің 1 беті

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Мырзакожа Дияс Асылбековичтің

ПІКІРІ

Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» атты диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады. Себебі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде қазіргі уақыттағы ең басты міндет – мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру, жаңа отандық өндірістерін құру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету қажет екендігін атап өтті.

Қазіргі кезде Қазақстанда отандық фармацевтикалық және медициналық өндірісті дамытудың, фармацевтік саланының мәселелі сұрақтарын есепке алған және бизнестің ұсыныстарын ескерген, 2030 жылдарға дейінгі Комплекссті жоспары дайындалып жатыр. Комплекссті жоспар шеңберінде мақсатты индикаторлар тізімі және отандық фармөндірушілер үлесін 50% дейін жеткізуді қарастыратын жобалар анықталады.


Темекі дәндері қоректік заттардың қоймасы. Бұл өнім ОМЕГА–3, ОМЕГА–6 май қышқылдарының, линол, линолен, фолий қышқылдарының, сонымен қатар А, Е, К, РР дәрумендердің, пайдалы және қажетті минералдар – калий, кальций, магний, мырыш, мыс, марганец, темір, фосфор және натрийдің көзі болып табылады.

Соңғы уақытта фармакологиялық және биологиялық зерттеулер Темекі дәні майының жоғары биологиялық белсенділігі құрамындағы биологиялық белсенді заттар кешеніне байланысты, олардың арасында биофлавоноидтардың өкілі - олигомерлі проантоцианидин, яғни жасушалардың деградациясына жол бермейтін антиоксидант ретінде орталық орын алады.

Бағалы терапевтикалық қасиеттеріне қарамастан, *Nicotiana tabacum* L. дәндері біршама уақыт бойына зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойды.

М.З. Аширов темекі дәндеріне фармакогностикалық талдау жүргізіп, шекті нормалары аясында сапа көрсеткіштерін анықтаған.

Зерттеуші *Nicotiana tabacum* L. дәндерінен спиртті, критикаға дейінгі жағдайда көмірқышқылды экстрактын және төменгі температурада престау

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Химия кафедрасы	Пікір
		Редакциясы: 1 2 беттің 2 беті

аркылы фитосубстанция алып, оларды химиялық құрамы бойынша салыстырып, оңтайлы фитосубстанцияны таңдаған. *Nicotiana tabacum* L. фитосубстанциясының сапа көрсеткіштерін, қауіпсіздігін және фармакологиялық белсенділігін анықтаған. *Nicotiana tabacum* L. фитосубстанциясы қосылған жақпамайдың фармацевтикалық негіздемесін жасаған.

Мурат Зулпидинович Аширов докторантурада Жапония елінде, Кобе қаласы, Квансей Гакуин университеті (Kwansei Gakuin University), Ғылым және технология мектебінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Тағылымдама кезеңінде шетелдік кеңесші, профессор Hidetoshi Sato жетекшілігімен Раман спектроскопиясы (Renishaw Raman), сканерлеуші электронды микроскопиясы (JSM 6510 LA) сияқты заманауи физика-химиялық жабдықтарды пайдалана отырып зерттеу жұмыстарын жүргізді.

М.З. Ашировтың диссертациялық жұмысы толық көлемде ұсынылған, талаптарға сәйкес келеді, сонымен қатар, барлық міндеттері толығымен орындалған және алдына қойған мақсатына жеткен.

Мурат Зулпидинович Ашировты қалыптасқан ғылыми зерттеуші, педагог, сондай-ақ, мақсатына жететін, қойылған міндеттерін шеше алатын маман ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Мурат Зулпидинович Аширов 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Химия ғылымдарының докторы,
профессор**

Д.А. Мырзакожа

